

# Тұғырлы бол, Тәуелсіздік!

КАЗАҚСТАН  
тәуелсіздігіне



жыл

1967 жылдың 6 сәуірінен  
бастап шығады

№ 19 (2094)  
13 желтоқсан 2011 жыл

## МЯМАЯН

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы  
ҚазАТУ СТУДЕНТ  
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТИ

e-mail: agunkatu@gmail.com • www.agun.kz



**Құрметті әріптестер!  
Құрметті студенттер!**

*Тәуелсіздік - біздің тәу етер киеміз, ең басты құндылығымыз. Бар игілігіміздің бастауы болған Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерекесімен құттықтаймын!*

*Тәуелсіздікке қол жеткізу де, оны баянды ету де оңай емес. Тарих куә, бірлігі болмаған кейбір елдер тәуелсіздігінен айырылды. Сондықтан Елбасымыз халқымыздың бірлігін басты байлыққа*

*балап, саяси тұрақтылықты экономикалық жетістіктермен ұштастыра білді. Сөйтіп Қазақстан шын мәнінде азат елге, айбынды мемлекетке айналды.*

*Біз – ұлттық рухы берік, саяси жүйесі тұрақты, экономикалық әлеуеті мықты, халықаралық беделі зор қуатты мемлекеттің азаматымыз.*

*Мұның барлығы Тәуелсіздіктің арқасы!  
Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекеттігіміз сұмырлы болсын!*

*Ректор А.Күрішбаев*

### БҮГІНГІ САНДА



**ЖЕЛТОҚСАН –  
БОСТАНДЫҚ  
БАСТАУЫ 3-бетте**

**ҒАСЫРҒА  
ТАТИТЫН 20 ЖЫЛ**



**4-5-беттерде**

**ТӘУЕЛСІЗДІК  
ҚҰРДАСТАРЫ**

**8-9-беттерде**

## ВКЛАД КАЖДОГО КАЗАХСТАНЦА В СТАНОВЛЕНИЕ НЕЗАВИСИМОСТИ

В Казахском агротехническом университете им. Сакена Сейфуллина 29 ноября 2011г, Управлением внутренней политики Астаны совместно с Государственным Фондом поддержки молодежной политики была проведена Республиканская научно-практическая конференция. Тема конференции: «Независимый Казахстан: история и опыт». Мероприятие состоялось в рамках празднования 20-летия Независимости Республики Казахстан.

*Начало. Продолжение на страницах 6-7.*





## ЖАҢАЛЫҚТАР ЖЕЛІСІ

2011 жылғы 18 қараша күні университет ректоры, профессор А.Қ.Күрішбаев оқу орнындағы білім беру сапасын арттыру мәселесі бойынша ұжыммен мәжіліс өткізді. Мәжіліс барысында ректор оқу үдерісін тексеру кезінде анықталған кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтарға тоқталып, білім беру қызметін жетілдіруге қатысты ұсыныстарымен бөлісті. Мәжілісте әрбір мәселеге жеке-жеке тоқталған Ақылбек Қажығұлұлы бірінші проректорға университеттегі білім беру қызметінің сапасын арттыру бағытында іс-шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырды. Және жоспарда пәндердің оқу әдебиеттерінің мазмұнын қайта қарау, кітапхананың электронды базасындағы заңнамалық актілер қорын жаңарту, толықтыру. Сонымен қатар студенттерді тәжірибеден өткізу, экономиканың әртүрлі салаларындағы ірі-ірі мемлекеттік органдар мен холдингтердің басшыларының дәрістерін ұйымдастыру т.б. мәселелердің көрініс табу керектігін атап өтті.

24 қараша күні ҚР Агенттігі Төрағасының кеңесшісі, э.ғ.д. Зұлфия Медетқызы Сұлтанова «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы: статистикалық аспектілері» тақырыбында экономика факультетінің «Экономика» мамандығы бойынша білім алып жатқан 3-4 курс студенттеріне дәріс оқыды.

24 қараша күні ҚР АШМ Солтүстік-Бағыс Ғылыми-өндірістік орталығының бас директоры, э.ғ.к., профессор В.И.Двуреченский агрономия факультетінің студенттері мен оқытушыларына «Қазақстандық тұтастай үнемдегіш егіншілік жүйесі» тақырыбы бойынша дәріс оқыды.

3 желтоқсан күні «С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ» Басқарма төрағасы А.Қ.Күрішбаев пен «ҚазАгро» Ұлттық басқару холдингі» АҚ Басқарма төрағасы Б.Т.Бисенғалиев ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандум университет студенттерін «ҚазАгро» Ұлттық басқару холдингі» АҚ-да өндірістік тәжірибеден өткізу және келешекте жұмыспен қамтамасыз ету мәселелерін қамтиды. «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ Басқарма

төрағасы Б.Т.Бисенғалиевтің университет студенттері және профессорлық-оқытушылар құрамының алдында оқыған дәрісі көпшіліктің көңілінен шықты.

1 желтоқсан күні С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ «Тәуелсіздік - тұғырым» атты қалалық жас ақындар мүшәйрасында университетіміздің 4 курс студенті Сұлтанбек Смағұл бас жүлдені иеленсе, екінші, үшінші орындарды тағы да оқу орнымыздың түлектері Қуаныш Дүйсенқұлов (2 курс студенті), Қуатбек Қомаңұлы (ҚазАТУ колледжінің студенті) жеңіп алды.

1 желтоқсан күні ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай университеттегі «Жас түлек» шығармашылық жастар клубына мүше акын студенттердің шығармашылығын қолдау мақсатында «Толқыннан толқын туады» атты жыр-жинақ жарық көрді.

2011 жылдың 2 желтоқсанында университетімізде Эразмус Мундус бағдарламасы таныстырылды. Эразмус Мундус бағдарламасы, «MARCO XXI» жобасы, іріктеу кезеңдері, өтініштерді ұсыну рәсімдері және Еуропалық Одақтың әріптес жоғары оқу орындары бойынша толық ақпарат берілді.

**Жобалар жөнінде С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ халықаралық ынтымақтастық бөлімінен және <http://eastana.meil.pw.edu.pl/>, <http://www.marcoxxi.eu/> сайттарынан білуге болады.**

2 декабря 2011 года в 15:30 в конференц-зале гостиницы «Нур» Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина состоялась презентация программы Эразмус Мундус.

Наш университет в этом году вошел в консорциум двух проектов программы Эразмус Мундус из пяти, реализуемых на территории Центральной Азии и Казахстана, «MARCO XXI» и «eASTANA», которые предполагают мобильность студентов, магистрантов, докторантов, постдокторантов и преподавателей в вузы Европы с выделением стипендий. Информацию о проектах можно получить в отделе международного сотрудничества КАТУ им. С. Сейфуллина и на сайтах данных проектов:

<http://eastana.meil.pw.edu.pl/>, <http://www.marcoxxi.eu/>

2011 жылдың 2 желтоқсанында экономика факультетінің «Экономикалық теория және құқық» кафедрасының 50 жылдығына арналған Ғылыми кеңес өтті. Университет ректоры А.Қ.Күрішбаев кафедра ұжымын 50 жылдық мерейтойымен құттықтады. Мерекелік жиынға кафедрада әр жылдары еңбек еткен ұстаздар мен ардагерлер қатысты.

30 ноября 2011 года в конференц-зале Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина состоялась ярмарка международных образовательных программ для студентов, магистрантов и преподавателей университета с участием представителей Немецкой службы академических обменов (ДААД, Германия), Посольства США и Франции, организованная отделом международного сотрудничества. Целью образовательной ярмарки является ознакомление студентов, преподавателей университета с возможностями проведения научных исследований в вузах и научных центрах как Казахстана, так и за рубежом, прохождения практики, стажировки, получения высшего образования, а также презентация стипендиальных программ Европейского Союза и США.

2011 жылғы 7 желтоқсанда ҚР Тұңғыш Президенті Қоры жариялаған байқауда моноклоналды антиденелер негізінде ірі кара мал туберкулезінің қоздырушысын анықтауға арналған жиынтығы үшін морфология, микробиология және биотехнология кафедрасының ассистенті Өркен Әкібеков жеңімпаз атанды. 150-ден астам үміткердің ішінен 8 ғылыми жоба іріктеліп алынған. Өркен бұл ғылым жобасын университетіміздің Биотехнология ҒЗИ ғалымдарымен бірлесіп әзірлеген. Қордың атқарушы директоры Б.Мұхамеджанов әріптесімізге төсбелгісін табыс етіп, дипломмен және ақшалай сыйақымен марапаттады.

**Осы және басқа да жаңалықтардың толық нұсқасы [www.agun.kz](http://www.agun.kz) сайтында**



*«Желтоқсан оқиғасы қазақ жастарының сана-сезімінің қанишалықты өскендігін көрсетті. Олар жүз жылға жуық уақыт бойы халықты казармалық тәртіпте ұстап келген тоталитарлық жүйенің алдында бірінші болып айылдарын жиган жоқ. Жастар бұдан әрі кез келген Ұлтқа тән Ұлттық мақтаныш сезімін қорлауға жол бермейтінін өзінің халқының атынан ашық мәлімдеді».*

*Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, ҚР Президенті*

Азаттық жолы азапты, тәуелсіздік жолы тәуекел. Құлан жортса, тұяғы тозатын, қыран ұшса, қанаты талатын осынау шалқар дала, асқар тауларды ғасырлар бойы жат жұрттық жаулаушылардан ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап қалған бақтыр бабаларымыздың азаттық аңсап арпалысқан асыл арманы жиырмасыншы ғасырдың соңғы он жылдығында ғана жүзеге асты.

Арғы тарихын қозғамай-ақ қоялық, өткен ғасырдың 1916 жылындағы атышулы маусым жарлығынан басталған Ұлт-азаттық көтерілісі мен 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының арасындағы жетпіс жылдық жолда қазақ халқы тоталитарлық қоғамның тегеурінді қыспағына қарамай, талай рет қолына қару алып, қорлыққа, зорлыққа қарсы көтерілген екен. Қазан төңкерісінен кейінгі 20-30 жылдардағы аштық –жалаңаштық, саяси қуғын-сүргінге шыдамай шарт кеткен Созақ, Шұбартау, Адай көтерілісі сынды ереуіл атқа ер салдырған бас көтерулер, Ұлттық кемсітушілікке көнбей, көшеге шыққан Теміртаудағы 1959 жылғы, Целиноградтағы 1979 жылғы оқиғалар алаш жұртының бойында «намыс»



сезімінің ешқашан қалғымағанын дәлелдеді. Солардың арасындағы ең нақты нәтижеге қол жеткізгені – 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі. Осы оқиғаның арқасында тоталитарлық қоғамның тынысы тарылуға айналған тұста қазақ халқының азатшыл рухын, асқақ рухын айдай әлем көре алды.

1986 жылғы 16 желтоқсан. Дәл сол күні Орталық Комитеттің кезектен тыс пленумы шақырылып, онда бір ғана мәселе қаралды. Қазақстанды ширек ғасырға жуық басқарған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев орнынан түсіріліп, орнына Ульянов облыстық партия

## ЖЕЛТОҚСАН – БОСТАНДЫҚ БАСТАУЫ

Қазақ халқының жұдырықтай жұмылып, озбыр саясаттың бұғауынан босануға талпынған, Тәуелсіздік жолындағы күрестерінің бірі 1986 жылғы 16 желтоқсанда өтті. Қазақ тарихында соңғы көтеріліс ретінде сипаттала бастаған Желтоқсан оқиғасына биыл 25 жыл.



комитетінің бірінші хатшысы болып істеген Геннадий Колбин сайланды. Пленум жұмысы бас-аяғы 18 минутқа созылды. Сол күннің ертеңінде алаңға жастар жинала бастады. Жастар шеруі бейбіт сипатта, саяси тұрғыда салмақты басталды. Олар пленум шешімі бүкіл халықтың сүйегіне салынған таңба екенін, формалды түрде болса да, республика құрып отырған Ұлттан елді басқаруға лайықты бірде-бір адам табылмайды деп санаудың өзі барша қазақты қорлау екендігін айтты.

Көп ұзамай жаңа басшы бұйрығымен қарулы шеп қарусыз лекті қармай бастады. Жүз-жүзден жігіттер мен қыздар қызмет иттеріне таланып, сапер күректеріне қадалып, соққы мен тепкіден көз аспады.

Желтоқсан жаңғырығы бүкіл әлемге тарайды. Дүйім дүние Мәскеу үшін құрамы интернационалды болғаны үшін ең сенімді саналатын Қазақстанда осындай оқиғаның болғанына танданып жатты. Ал шындығында соншалық тандандудың жөні де жоқ еді. Алдымен қазақ халқының азатшыл рухы, намысшыл қасиеті, шыдамның шегінен шыққан шақта ештеңеден тайынбайтын қайсар қалпы осындай қадамға алып келген болатын.

Қазір халқымыз Ахмет пен Міржақыпты, Мағжан мен Жүсіпбекті, Тұрар мен Нәзірді, тағы басқа осындай зиялыларын еліне еткен еңбегі үшін, халқының тәуелсіздігі, теңдігі жолында күрескендігі үшін, елін оқу-тоқуы дамыған елдер қатарына сүйрегені үшін, сол жолда бастарын бәйгеге тігіп, жандарын отқа салғаны үшін құрметтейді, Алаш арысы, азаматы деп біледі. Міне, кешегі 86 ұлт

рухын жігер еткен жас буынның тағы бір легін паш етті, Қайрат, Ләззат, Сәбира, Ербол сынды мыңдаған жас буынның есімін ардақтады. Маскүнем, нашақор, бұзық деп жала жабылып, білектілер мен бұрымдылар тағдыры қыршынынан қиылып жатты. Осы тұста әділдіктің туын іздеген шетел жұртшылығы қазақ баласының мұңын бөлісті, зорлықшыл үкіметке толассыз арыз жазды. Еуропа дүрлікті. Венгрияда белгілі мәдениет қайраткерлері бас біріктіріп, 41 адам атынан, одан кейін Чехословакиядан 77 қоғам қайраткері, сондай-ақ Польшаның «Еркіндік пен бейбітшілік Одағы» Қайрат Рысқұлбековті атпау туралы өтініш жасап, осы оқиға шешімінің әділдігіне күмән келтіріп, қайта қарауды талап етіп, М.С.Горбачевке хат жолдаған болатын.

Алматыдағы осынау оқиғаның бүкіл әлемдік мән-маңызы коммунистік идеологияның уақыт сынына шыдас бере алмағанын даусыз дәлелдеп берді. Кейін өзге де одақ елдерінде орын алған манифестациялар Кеңес Үкіметінің ыдырауына әкелді.

Желтоқсан оқиғасы бүкіл әлемдегі социалистік жүйенің сілкінуі ретінде тарихи феномен болып табылады.

Осының бәрі де Қазақстанда басталды, осының бәрін де қазақ жастары бастады.

Желтоқсан – бостандық бастауы, желтоқсан – тәуелсіздік қоңырауы.

**Баспасөз орталығы**



## ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰҒЫРЫМ

*Дүниеде тәуелсіз қазақ елі бар,  
Әлемде егемен Қазақстан бар,  
Оның көп ұлтты, тату, ынтымақшыл халқы бар,  
Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар,  
Ең бастысы – бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар,  
Сол күнге берік сенімі бар!*

*Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев  
ҚР Президенті*

# ҒАСЫРҒА ТАТИТЫН



*Жыл*

### ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ

Ел айбыны асқақтаған  
Тәуелсіздік – тұғырым,  
Бадам аңсап,  
бата берген азат елдің ұлымын.  
Мен алаштың ұланымын,  
шарықтаған қыраны  
Еркін өскен желбіретіп  
майда қоңыр тұлымын.

Артта қалды қиын күннің,  
аза-мұңның батпаны,  
Арай төгіп,  
азаттықтың қайта атты ақ таңы.  
Ұрпағыңа аманатың –  
ғасырлардан жалғасқан  
Төгіледі, өріледі  
Тәуелсіздік дастаны.

Алаш жұрты асқақ арман,  
аппақ үміт тағынған,  
Ақ ниеті, пәк көңілі  
жаралғандай лағылдан.  
Жаппар ием халқымның  
несібесін мол қылып,  
Бар әлемге өрлігімен,  
теңдігімен танытқан.

Жиырма жылда ел жанарды,  
сәулетіне сән толып,  
Елордам тұр көрген  
жанның жүрегінде ән болып.  
Бабалардың көзін көрген  
шежіресі даламның,  
Рух берші, жалындайын,  
мен жанайын от болып.

Отанымның байлығына  
кейбіреулер үздігер,  
Ынтымақсыз үйге ғана  
ұры-қары шүйлігер.  
Бабаларым аңсап кеткен  
азаттықтың әр таңын,  
Қадірлейді, қастерлейді  
әрқашанда біздің ел!

**Сұлтанбек Смағұлов**  
4 курс студенті

Қазақ елі үшін  
Тәуелсіздіктің  
20 жылы бір  
ғасырдың ен-  
шісіне бергісіз уақыт  
болды. Халқымыз өз же-  
рінің, елінің, қазба байлығы  
мен руханиятының иесі ре-  
тінде бодандықтың бұғауына  
түншығып көмескілене бастаған  
ұлттық құндылықтарымызды  
жандандыруға ұмтылды. Осы тұс-  
та ұлттық-мәдени түлеу ауадай  
қажет болатын. Бұл, өз кезегінде,  
жаңа рухани құндылықтарды  
қалыптастыру, жаңа сападағы  
білім жүйесін жасау, адам капи-  
талын дамыту арқылы ғана іске  
асырылатын еді. Тәуелсіздіктің  
алғашқы жылдары мемлекет осы  
рухани мұқтаждықтың өтелуіне  
көп күш пен қаржы жұмсады.  
Ұлтымыздың жоғалуға айналған  
тілі мен діні, ділі қайта оралды.

Қазақ елінің 20 жылдық тари-  
хы сарабал саясат жүргізудің,  
мемлекетаралық берік  
әріптестіктің, достықтың, келісім  
мен бейбітшіліктің жаңа үлгісі  
ретінде басқа елдерге үлгі бола  
алады. Еліміздің әрбір азаматы  
ел азаттығының шежіресінде ел  
игілігі үшін жасалған барлық  
бастамалардың баянды болғанын,  
оның нақты пайдасын көріп  
отыр. Кеудесін қуаныш керне-  
ген халықтың ықыласы, ынта-  
сы еліміздің одан әрі дамуына  
қолғабыс етті. Мұның барлығын  
бірлігі жарасқан халқымыздың,  
күрделі кезеңдерде көреген саясат  
ұстанатын, халықтыгізіне ерте білген  
Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың  
жетістігі деп әлем мойындады.

«Алдымен – экономика, сосын –  
саясат» деген қағиданы ұстанған  
Нұрсұлтан Назарбаевтың бағыты  
тәуелсіздіктің әрбір кезеңінде  
өзінің дұрыстығын дәлелдеп от-  
ырды.

Осы жиырма жылда Қазақстан  
Республикасының мемлекеттілі-  
гі қонған тұғырында еңсесін  
тіктеп, өзіндік даму жолына нық  
қадам басты. Тәуелсіздігіміздің  
ең басты құндылығы өз  
елімізге өзіміз ие бо-  
лып, өзіміздің таң-  
дауымызбен өз  
мемлекетіміздің  
басшысын де-  
мократиялық жол-  
мен сайлап алдық.

Сонымен қаш-  
тар ел дамуының  
жаңа белесіне  
көтерілу үшін саяси, заңнамалық,  
экономикалық тың алғышарттар  
қажет болды. Мемлекеттік шека-  
раны бекітіп, егемен елдің қарулы  
күштерін жасақтау, ұлттық эконо-  
миканың іргетасын нықтап,

**1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылданды.**

**1992 жылғы 3 наурызда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне өтті.**

**1991 жылғы 29 тамызда Президенттің Жарлығымен Семей ядролық сынақ полигоны жабылды.**

ұлттық валютаны енгізу, ұлттық  
бизнесі аяғынан тұрғызу бірінші  
кезекте қолға алынды. Оның  
ішінде 1993 жылғы 15 қарашада  
Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық  
валютасы айналымға енгізілуі,  
шын мәнінде дербес ел ретіндегі  
зор жеңісінің бірі еді.

Сарапшылардың тұжырымы  
бойынша, Тәуелсіздіктің әрбір 5  
жылын, еліміздің даму кезеңдері  
ретінде бөліп қарастыратын  
болсақ, алғашқы кезең (1991-  
1995 жылдар) еліміз үшін ең ауыр  
да күрделі болды. Соның өзінде  
барлық атрибуттары мен алғы-  
шарттары бар жас мемлекеттің  
іргесі қаланды. Одан кейінгі  
екінші кезеңде (1995-2000 жыл-





## ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰҒЫРЫМ

дар) саясаттағы, экономикадағы құрылымдық, заңнамалық өзгерістер егемен мемлекеттің қалыптасуы мен дамуына жаңа мүмкіндіктер берген мемлекет дамуындағы шешуші кезең болды.

Сөйтіп, 2000 жылдан басталған үшінші-төртінші кезеңдерде Қазақстанның жаңару, жаңғыру, дәуірлеу кезеңі басталды деп айтуға толық негіз бар.

Тарыдай шашылып, дүниенің төрт бұрышына кеткен қандастарымызға құшақ жайып, ортамызға шақырдық. Олар халықтың демографиялық ахуалына ықпал етіп, бір жарым миллионға көбейдік.

Мемлекетіміз өзге елдерден қалыс қалған жоқ. Саясаты берік, экономикасы мықты елдермен санасты, даму стратегиясына көз жіберді. Тең мүдделі, ортақ мақсаттысымен әріптес болды. Халықаралық қатынастар ынтымақтастығын жүйелі дамытты. Кезіндегі Кеңес үкіметі құрамындағы 15 ел тәуелсіздігін алып, өз алдына дербес мемлекет болғанда Тәуелсіз мемлекеттер достастығын құру туралы ұсынысты алғаш Елбасымыз айтты. Қазақ елі осылай ТМД көшін бастады.

Бүгінде әлем елімізді Еуразия көпірі деп біледі. Бұл да алыс және жақын шетелдер арасында ынтымағы берік экономикалық әрі мәдени байланысты орната алғанымыздың арқасы. 2000-2010 жылдар Қазақстанның сыртқы саясаттағы жұлдызды жылдары болды десек, артық айтпаймыз. Осы уақыт ішінде Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес құрудың бастамашысы болып қана қоймай, осы ұйымдарға басшылық етті. Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалығы ел тарихында алтын әріптермен жазылды. Күні кеше еліміз Ресей, Беларусь елдерімен біртұтас экономикалық кеңістікті қамтамасыз ететін Кеден одағына енді. Бұл кеңестік

жүйені қалпына келтіру емес, елдің ішкі өнімін сыртқа еркін шығару мүмкіндігіне қол жеткізу, еуразиялық экономикалық интеграцияға жол ашу.

Еліміз ұлтаралық, халықаралық достастық қана емес, зайырлы мемлекет ретінде дін-аралық келісімге мұрындық болды. Елорда төрінде түрлі дін өкілдері жиналып, басқосуы – соның айғағы. Әлемдегі жаһандық мәселелер талқыланып, қазақ елінің бейбіт ұстанымын көрсетті. Осындай ізгі бастамалардың арқасында Тәуелсіз Қазақстан жер бетіндегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа үлес қосты.

Қазақ мемлекеті өткенінен өнге қылып, болашағына аманат ету мақсатында ұлттық рухани құндылыққа жол ашты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы негізінде ел ішінде жарық көрмеген әдеби-тарихи мұраларымызды, ән-күй, аңыз-әпсаналар мен сырын ішіне бүккен шежірелеріміз толық жиналды. Алаш арыстарының ар-ұжданы мен елдік мүддені қорғаған мұралары мұрағаттардан аршылып алынып, Сәкен, Мағжан, Дулат, Әлихан, Ахмет сияқты бабаларымыздың өздерімен қауышқандай болдық.

Қазақстан өзінің экономикалық әлеуетін арттыруға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған маңызды бағдар-

### ТҰҒЫРЛЫ ЕЛІМ ТӘУЕЛСІЗ

Бой көтерді, әсем қала- Астана,  
Тәуелсіздік тұғырындай жас қала.  
Жаһандану әлеміне ұмтылып,  
Салтанаты үлгі болған басқаға.

Қалықтаған Әнұран мен Туымыз,  
Қайта оралған дініміз бен тіліміз.  
Қазағымның тәуелсіздік тойына,  
Арналады әніміз бен жырымыз.

Біз халықпыз бірлігіміз жарасқан,  
Ынтымақпен талай-талай бел асқан.  
Ел бірлігі, ұстанымы нық орнап,  
Барлық ұлттың мүддесіне жол ашқан.

Қыран құсы еркіндіктің самғасын,  
Болашақты ұрпағымыз жалғасын!  
Тәуелсіздік таңы орнап мәңгілік,  
Қазақ елін Тәңіріміз қолдасын!

**Ә.С. Нұржанова**  
қазақ тілі кафедрасының  
доценті, ф.ғ.к.

ламалар қабылдады. «Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы», «2020 жылға арналған бизнестің жол картасы» бекітілді. Бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кірудің саяси, экономикалық, әлеуметтік алғышарттары жасалды.

Бір сөзбен айтқанда, Тәуелсіз Қазақстанның жиырма жылдағы бар жетістігі – жарқын болашағымыздың темірқазығы.

**Баспасөз орталығы**



## ВКЛАД КАЖДОГО КАЗАХСТАНЦА В СТАНОВЛЕНИЕ НЕЗАВИСИМОСТИ

*Продолжение.*

*Начало на 1 стр.*

С вступительным словом перед участниками конференции выступил ректор, профессор А.К. Куришбаев. Он отметил важность проведения мероприятия в канун 20-летия Независимости в стенах агротехнического вуза, где вместе с дипломом выпускник должен обрести, прежде всего, чувство патриотизма и гордости за свою Родину.

В докладах видных политических и общественных деятелей красной нитью прошла мысль о том, что Независимость – это неоценимый дар, который следует беречь и донести следующим поколениям. Ученые-историки и политологи представили ряд неопровержимых фактов, доказывающих, что к Независимости наша республика шла через века, отдавая в жертву лучших из лучших своих сынов. Были представлены ярчайшие страницы 20-летнего шествия Независимости по обширной территории Казахстана. Обращаясь к студенческой молодежи, ровесникам Независимости, был представлен краткий экскурс за 20-летний период, перечислены достижения, начиная от собственной символики – Герб, Флаг, Гимн, – до всемирной известности страны на мировой арене, благодаря стратегии развития, реализуемой под руководством Президента страны Н.А.Назарбаева.

Независимость наступила не в одночасье. Общественный деятель Алдан Смаил, раскрывая перед аудиторией понятие «героизм», представил свою трактовку, связав с событиями тридцатилетней давности, рассказал о своем личном участии в выступлениях за целостность в то время Целиноградской области. Яркой и эмоциональной речью А.Смаил поведал о героизме своего поколения, явившемся, по его утверждению, решающим шагом на пути к обретению независимости сегодня. Слушая выступления, каждый из присутствующих ощущал себя причастным к великой победе народа за свой суверенитет, осознавая, что независимость – это прежде всего вклад каждого казахстанца. И сейчас каждый должен задуматься, что он сделал для Независимости.

Неординарным было выступление гостя из Австралии, доктора педагогических наук, директора школы «Мирас», господина Кристофера Тамплина. Он сделал акцент на необходимости сохранения необыкновенно схожих наших двух стран, - Казахстана и Австралии, о важности экологической культуры будущего поколения Казахстана.

Никого не оставила равнодушным, произнесенная в заключение цитата: «Мир не дается человеку его отцом, а берется взаимы у детей».

Господин К. Тамплин пожелал Казахстану процветания как в ближайшие 20 лет, так и в более далеком будущем.

По итогам работы конференции была дана оценка уже сформировавшемуся казахстанскому пути за 20 лет. Принята резолюция о пропаганде исторически важных мероприятий, рожденных в годы Независимости и являющихся национальным достоянием.

В конференции приняли участие представители Администрации Президента, министерств, акимата г.Астаны, известные ученые

**С.Сейфуллин**  
**атындағы ҚазАТУ**  
**ректоры, профессор А.Қ.Күрішбаев**



«Буыны бекіп, бұғанасы қата бастаған тәуелсіз еліміздің аз уақытта жеткен жетістіктері мен табыстары толағай.

Қасиетті Тәуелсіздік тағылымы әрқайсымыздың ар-намысымызды қайрап, тарихтың өткен шежірелерін санамыздан шығармауды талап етеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы түйіні қатты, қордаланған көп мәселені шешу жолдарын ойластырған Елбасының сарабал саясаты және көрегенділікпен жүргізілген реформаларының нәтижесінде мемлекеттігімізді әлем мойындады.

Бүгінде Халықаралық қауымдастық Қазақстанды өңірлік көшбасшы, шынайы дос, тату көрші, тағылымды әріптес ретінде құрметтейді. Байтақ даламыздың шекарасын бекітіп, мемлекеттің біртұтастығының жаңа кезеңіне қадам бастық.





**Қуаныш  
Сұлтанов қоғам  
қайраткері**



«Тәуелсіздік – біздің ең қасиетті ұғымымыз. Бүгінгі күнге көз жүгіртіп қарасақ, осы тәуелсіздік алған 20 жылды бұрынғы жаймен салыстырсақ, еліміздің күллі дүниетанымы, тұрмыстық болмысы өзгергенін көреміз.

Тәуелсіздік бізге сыйға тартылған жоқ. Осы жолға дейін қанша ғасыр бойы қаншама буын өкілдері құрбан болды. Сондықтан бүгін сіз бен біз осындай азат елде әр таңымызды азат атырғанымыз үшін бақыттымыз!

Тарихшыларымыздың есептеуінше, кеңес үкіметінде болған 74 жыл, одан әрі Ресей патшалығында болған 150-ден астам жыл уақыт аралығында 327 ұлт-азаттық наразылық көтеріліс болған. Мұның бәрі – басының бостандығы үшін, рухының бостандығы үшін болған күрестер. Осының бәрін біле тұра, біз тәуелсіздікті тегін келді деп қалай айта аламыз?

Тәуелсіздік орнаған алғашқы жылдары ешбір салалы құзырлы мекемелер болмады, оның ішінде Қорғаныс министрлігі бар, Ақпарат, Көлік, Қаржы министрліктері тағысын тағылар. Одан да зоры, зауыт, фабрикалар тоқтады, жұмыс көзі жоқ, ақша жоқ, дағдарыс төнді. Міне, осындай кезде Елбасы халқына сүйене отырып, өзінің ұтқыр саясатымен елдің іргетасын қалады. Мұның бәрін айту бізге міндет, ал тыңдау, өнеге алу сіздерге сын. Болашақта елдің гүлденуі, жастар, сіздердің қолдарыңызда!»

и видные общественные деятели, сыгравшие важную роль в становлении нашей республики. На пленарном заседании выступили с докладом: общественный деятель К.С.Султанов, писатель, общественный деятель У.Калижанұлы, почетный работник КазАТУ им.

**Алдан Смайыл  
жазушы, қоғам  
қайраткері**



«Тәуелсіздік кешегі тоталитарлық жүйеге қарсы шыққан қазақ жастарының алғашқы жеңісі еді. 86 жылдан бұрын орталық өңірде, дәл осы Астана жерінде 1979 жылы неміс автономиясын құру туралы Кеңестер Одағының Коммунистік партиясының орталық кеңесі саяси бюросы құпия шешім қабылдамақ болды. Сонда осындай қазақ жастары қаймықпастан көшеге шығып, екі күн бойы наразылық шерулерін өткізді. Осыдан кейін Коммунистік партияның Орталық кеңесі саяси бюросы өзі шығарған шешімнің күшін жоюға мәжбүр болды. Бұл – Кеңестер тарихында болмаған жағдай. 1979 жылғы Ақмола жастарының ерлігі болмаса, 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісінің болу-болмауы неғайбыл. Мен оны батыл айтамын. Өйткені 1979 жылғы қазақ жастары Кеңестер Одағының шешімін өзгертуге болатындығын, халық болып бірігіп, жеңіске жету мүмкін екендігін дәлелдеп берді. Сол рух Желтоқсанға ұласып, бүгінгі Тәуелсіздігіміздің көгінде қалықтап жүр».

С.Сейфуллина К.А.Сагадиев, общественный деятель А.З.Смаил, директор школы «Мирас», доктор PhD Кристофер Тамплин.

Республиканская научно-практическая конференция продолжила работу на 4 секциях-семинарах по темам «Независимый Казахстан: достижения и приоритеты», «Казахстанский патриотизм: национальное самосознание и идентичность многонационального народа», «Этнокультурное наследие полилингвального Казахстана» и «Астана – символ независимости Казахстана».

Пресс-центр

**Уалихан  
Қалижанұлы  
жазушы, қоғам  
қайраткері**



«Қазақ елі туын тігіп, Тәуелсіздігін күллі әлемге жария етті. Міне, сол жария еткен сәттен бастап, екі-үш сағат айналасында бауырлас түркі елі Қазақстанды мойындап, құттықтауын жолдады. Әріптестікке дайын ниеттерін білдірді. Елбасы Президент ретінде алғашқы ресми сапарын Түркияға жасады. Ұшақтан түскенде Елбасын сол елде мекен еткен 20 мыңнан астам қазақ қарсы алды. Көздеріне жас алып, «Ақсарбас», «Абылай», «Абылай» деп, ұран салды. Сол кезде дүйім жұрт алдында Абылай ханның жолын жалғастыруды өзіне сын көрген Елбасы «Мен Абылай емеспін» деген еді. Бірақ, міне, араға 20 жыл салып, Елбасы кезінде Абылай арман еткен қазақтың елдігін күллі әлемге мойындатты. Тарих тұлғаны өзі мойындатты деген осы».



# ТӘУЕЛСІЗДІК

## құрдастары



### Рахат Шәріпов

Рахат - өз өнерімен астаналық көрермендерді баурап алған жас дарын иесі. «Z» триосының әншісі. Жас әнші республикалық, халықаралық конкурстардың жеңімпазы. Еліміздің жиырма жылдағы жетістігіне азамат ретінде қуанып, Қазақстан азаматы болғанын мақтан тұтады. Ел экономикасының бүгінгіден де қарыштап дамитынына кәміл сенеді. Жерге орналастыру факультетінің 3 курс студенті.

Мен үшін, тек мен үшін емес Қазақстанның барлық азаматтарына бұл күн - өте киелі күн. Себебі, бұл еліміздің, халқымыздың тәуелсіздік, бостандық алған күні. Мен тарихын білген әр қазақ азаматы ата-бабамыздың осы тәуелсіздікті қалай аңсағанын, осы тәуелсіздік жолында қандай қиыншылықтар кешкенін, қандай қиындықпен келгенін біліп, осы күнді қастерлей біледі деп есептеймін. Мен үшін осындай киелі күні дүниеге келу - үлкен мәртебе.

Әрине, елін сүйген әр жастың мойнында ел алдында үлкен жауапкершілігі бар деп есептеймін. Себебі, біз - елдің болашағымыз, тәуелсіз елдің туын желбірету, еліміздің қарқынды болашақта дамуына үлес қосу – біздің міндетіміз, азаматтық парызымыз. Мен үшін тіпті үлкен жауапкершілік, себебі мен азат елдің азат ұланымын. 20 жыл ішіндегі еліміздің өсу, өркендеу жолы – менің де жолым. Бұл өте үлкен бақыт деп ойлаймын.

Әрине, елін сүйген әр жастың мойнында ел алдында үлкен жауапкершілігі бар деп есептеймін. Себебі, біз - елдің болашағымыз, тәуелсіз елдің туын желбірету, еліміздің қарқынды болашақта дамуына үлес қосу – біздің міндетіміз, азаматтық парызымыз. Мен үшін тіпті үлкен жауапкершілік, себебі мен азат елдің азат ұланымын. 20 жыл ішіндегі еліміздің өсу, өркендеу жолы – менің де жолым. Бұл өте үлкен бақыт деп ойлаймын.



### Жандос Райымбеков

Жандос - өз елінің нағыз патриоты. Ел үшін, халқы үшін қолынан келгенді жасауға дайын. Қазір жастар қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, келешекте еліміздің дамуына үлес қосатын мемлекеттік істерге араласуды мақсат тұтады. Құрдастарының да елдің қадір-қасиетін түсінетін, ұлттың жанашырлары болатынына сенеді. Ол өз замандастарының ең басты міндеті де, парызы да отанға адал, өз ісіне жауапты, білікті маман болуда деп түсінеді. Қазір жерге орналастыру факультетінде 3 курста білім алады.

Жалпы бұл мерекенің мен үшін алатын орны орасан зор. Қазағымның қазақ болып, өз басына жеке азат ел болғаны ерекше мақтан. Әрине, бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Көптеген аға-апаларымыз қазағы үшін, жас ұрпақ үшін, болашақ үшін жан тапсырды. Жауапкершілікті барша қазақ баласы сезіну керек деп ойлаймын. Өйткені, еліміз аяғынан енді-енді тұрып, тамырын тереңге тарқатып келді. Менің өз елімнің нағыз патриоты ретінде алға қойған мақсатым бар.

Еліміздің өркендеуіне атсалысып, басқа елдерге таныстыру - үлкен арманым. Адам баласында арман көп қой. Алдағы 20 жылдықта сол арманның бірінен көрінерміз деп ойлаймын. Жақсы сөз жарым ырыс дегендей, келешекте әлемдегі елдердің алдыңғы қатарында тұрсақ деген үміт зор.

1991 жыл 16 желтоқсан! Елдіктің туы тұғырына қонды. Дәл осы күні қазақстан жұрты Тәуелсіздікпен қатар шыр етіп дүниеге келген перзенттерінің қуанышын қатар тойлады.

Тәуелсіздіктің түйдей құрдастары да бүгін 20 жасқа толып, алғашқы мерейтойларын тойлап жатыр. Қадірлі оқырман, біздің университетімізде білім алып жатқан Тәуелсіздік құрдастарымен таныс болыңыздар.

### Айжан Ыдрысова

Айжан экономика факультетінің 3 курсына оқиды. Ол Ресейде туып өскен. Атамекеніне келіп жоғары білім алып жатқанына үшінші жыл. Өзінің келешегін Қазақстанмен байланыстырады. Әке-шешесі мен әжелерінің де атамекенге қоныс аударуына ықпал етіп жүр. Ұлттық құндылықтармен етене танысқан сайын өзінің де қызығушылығы артып келеді. Ұлтын, атамекенінің қадірін енді жете түсіне бастағанын айтады. Ресей жерінде туы, өссе де қазақтың салт-дәстүрін қал-қадірімізше сақтадық. Үлкен кісілер жақсы біледі,- дейді ол. Айжанның өз әжесі мен нағашы әжесі де тек қазақша сөйлеседі екен. Ал орысша мүлдем сөйлей алмайтын көрінеді. Омбы аймағындағы әлі де тұтас қазақтар тұратын ауылдардың бірінен. Сондықтан болса керек, салт-дәстүріміздің қаймағы бұзылмаған күйі сақталған, деп мақтаныш тұтады.

Когда я родилась, мои родители и мои родственники отпраздновали день рождения вместе с Независимостью РК. И приняли меня как подарок к этому великому празднику. Приятно, когда твой день рождения совпадает с такой великой датой, как День Независимости твоей страны! В этом году я осознала большое значение этого дня для Казахстана и для меня! Это такая ответственность быть ровесником Независимости! Шагать с ногу с Независимым Казахстаном! 20 лет моей жизни и 20 лет целой страны мне очень интересны! В будущем я хочу наверстать упущенное! Хочу жить в Казахстане, строить свое будущее, свою карьеру связанную с туризмом, т.к. учусь на специальность, связанную с этой отраслью, сделать весомый вклад в историю страны!





## ЖАҢА ҰРПАҚ

**Роман Воронов**

Студент 2 курса энергетического факультета. Роман - один из тех студентов, который осознанно выбрав свою профессию, поступил в наш вуз. В будущем обещает как и сейчас быть истинным гражданином своей отчизны и всячески способствовать ее развитию.

- Для меня это лучший праздник, ведь в этот день, я появился на свет. И так совпало, что именно тогда,

когда наша страна получила Независимость! Сейчас я отмечаю не только свой, но и день рождения всей страны. Казахстан получив независимость сделал большой шаг в развитии и росте экономической политики. За 20 лет он стал стабильным, индустриально и промышленно развитым государством, и тем самым став одним из самых быстроразвивающихся стран. Я ощущаю большую ответственность за нашу родину, ведь именно мы, молодое поколение, в ответе за будущее страны и гордость, что я гражданин такой молодой, но уже известной страны. Хотелось бы пожелать Казахстану в этот день великих достижений, огромных побед и мирного неба.

**Айжан Дүйсенбаева**

Студентка 2 курса факультета ветеринарии и технологии животноводства. Айжан станет специалистом в области технологии производства продуктов животноводства. Чем конкретно заняться после учебы, будущий специалист пищевой промышленности еще не решила. Однако она уже выражает готовность попробовать себя на различных поприщах. Рассуждает о том, что не помешало бы набраться опыта на работе в селе, не исключает возможности продолжить обучение по программе «Болашақ», высказывает уверенность в необходимости развития этой отрасли отечественной науки... Главное, чтобы приложенные усилия послужили на благо Казахстана. Ведь именно в этом Айжан видит проявление настоящего патриотизма.

- Это особенная дата. Да, гордость, радость, что именно в этот день моя страна получила независимость, смогла стать полноправно независимой, может самостоятельно развиваться и процветать. Большой праздник, большая ответственность. Ответственность в том, что я как и любой другой гражданин РК, а особенно мы ровесники, ведь не зря мы родились в этот день, должны принести пользу нашей стране, должны внести какой-либо вклад в развитие, стабильности и процветание Казахстана. Постараюсь принести побольше пользы для страны и народа. Желаю межнационального мира и согласия, стабильного экономического роста, крепкой позиции на мировой арене. Уважайте и цените достижения заслуги своей страны и сами совершайте такие дела, которыми будет гордиться. Успех нашей страны- это и наш успех.

**Абай Құрманов**

Абай оқушы кезінде мектеп президенті болған. Білім жолында ұстаздары мен сыныптас достары одан үлкен үміт күткен. Қазір энергетикалық факультеттің 3 курсында білім алып жатқан жас жігіт сол үміттерді ақтасам дейді. Оның ең басты мақсаты – өзінің ана тілін жетік меңгеру. Мұғалімдер отбасында тәрбиеленген ол ата-анасының ізінен бөлек саланы таңдаған. Өз мамандығына қызығушылықпен қарайды. Осы саланың білікті маманы болатынына сенеді.

- 16 декабря – это праздник независимости, свободы моей Родины.

Это мой президент, который сумел вывести страну из экономического кризиса, сделал ее процветающей. Это мой народ, который, несмотря на все трудности, сумел сохранить свое единство, мир и согласие в стране. Отмечать день рождения вместе со своей страной – это очень ответственно. Всегда наряду с традиционными пожеланиями здоровья и успехов звучит и пожелание быть настоящим гражданином своей страны, поэтому каждый свой поступок стараюсь соизмерить с общечеловеческими ценностями. Я выбрал факультет энергетический, так как без снабжения энергией невозможна реализация ни одного серьезного проекта. После окончания университета хочу стать первоклассным специалистом, мастером своего дела, приносить пользу своей Родине. Государство предоставляет молодежи возможность учиться, развиваться, стать достойными людьми. Поэтому именно молодежь должна продолжить строительство независимого, процветающего, стабильного Казахстана. Я желаю Казахстану быть всегда на высоте, войти в ранг развитых стран, мира и согласия.

**Қуандық Шүкірәлиев**

Қуандық қазір техникалық факультеттің 4 курс студенті. Қуандық еліміз Мәскеуден бөлініп, Тәуелсіздік алып жатқан күні, сол Мәскеудің перзентханаларының бірінде дүниеге келген. Әке-шешесі білім қуып жүрген кездерінде туған Қуандықтың есімін осы қос қуанышқа байланысты қойған. Алаштың ардақты азаматы болып, еліне қызмет етіп, өз мамандығының білгірі болуды армандайды.

- Мен үшін бұл күн туған күніме қарағанда, мерекелік сипатқа ие. Өйткені бұл – еліміздің ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізген киелі күні, қазақ халқының мәртебесі асқақтаған күн. Елбасымыз айтқандай, ел болашағы – жастар. Өз елімнің дамып өркендеуіне үлес қосып, еліме адал қызмет етсем деймін. Бүгін барша қазақ елінің назары бізде, яғни тәуелсіздік құрдастарында. Болашақта осындай назарды белгілі бір жетістігіммен қаратсам деймін. Алдағы 20 жылдығымды белгілі бір салада қызметім бар, абыройлы отбасым бар, дамыған елдің азаматы ретінде елестетемін.



*Мынаны ешқашан естен шығаруға болмайды: тәуелсіз, дербес өмірге өзінің ана тілінде сөйлейтін және төл әдебиеті бар халық қана таласа алады...*

*Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ*

## ТӘУЕЛСІЗДІК ФИЛОСОФИЯСЫ

Тәуелсіз елдің саяси дәстүрі, яғни саясаты мен саяси үдерісі сол қоғамның мызғымас бір бөлігі. Осыдан барып, мемлекеттік ұғым жетіледі. Мемлекет болу – тәуелсіз, яғни азат болу. Ал, Тәуелсіздік философиясының түп мәні еркіндік ұғымынан бастау алады.

Еркіндікке екі түрлі анықтама беруге болады, біріншісі, еркіндік дегеніміз – бақылаудың жоқтығы, екіншісі, еркіндік дегеніміз бірінші кезекте жауапкершілік. Яғни саяси сауаттылық деңгейі арқылы адам сол еркіндік категориясының екі жақтылығын аңғара алады. Біріншісі – бақылаудың жоқтығы, екіншісі – жауапкершілік. Осылай жүйелі түрде дами келе, саяси сауаттылық адамның бойында саяси құндылықтарды, идеялар мен мүдделерді дұрыс қалыптастыра береді. Осы арқылы адамдардың ойында алға ұмтылушылық, саяси жаңғыру, гүлденуді аңсау пайда болады. Егер мұны қоғамдық деңгейде қарастырсақ, онда қоғамның идеалды жағдайға бет алуы деп бағалауға болады. Бұл жағдай тек ұлттық мүдде арқылы жүргізіледі.

Қазіргі жүргізіліп жатқан модернизация «жалаң ақпар беруден» арылуды жақтайды. Өз

тәжірибеміз көрсеткендей, формалды түрде жоспарды орындау қандай нәтижеге алып келетінін жақсы білеміз. Екіншіден, жалтақтаудан құтылуды бойымызда тәрбиелей отырып, біздің мемлекетіміздің болашағына деген сенімді арттыра аламыз. Жалтақтау, жағымпаздану әрекеттері болбыр, намыссыз, тексіз ұрпақты әкелуі ғажап емес. Тек өзіміз жасаған жаңа жолмен сенімді қадамдар жасауға дағдыланған абзал. Үшіншіден, саяси модернизацияда революциялық идеялардан алшақ болу – қазіргі таңдағы бағдарымыз. Модернизацияның екі жолы бар, біреуі – революциялық, екіншісі – эволюциялық. Қазақстан үшін тиімдісі екінші жол болып табылады. Саяси модернизацияның эволюциялық жолында негізгі белсенді рөлді қоғамның зиялы қауымы атқарады. Қоғамның зиялы қауымы жалпықазақстандық мүдделерді біріктіре алады. Төртіншіден, заңның үстемдігін қамтамасыз ету қоғамды тұрақтандырады.

Осы мақсатта жүргізіліп жатқан ұлттық саясат бірнеше құндылықтарға сүйенеді, олардың ең негізгілері: этносаралық байланысты іздеу, ұлттық мәселені әділ жолмен шешудің негізі ретінде қоғамдық келісімді қорғау, заңның үстемдігі, мемлекет тәуелсіздігін бекіту және бірлестірудегі белсенді саясат. Бұл құндылықтар қазіргі қоғамның өзінде ұлттық саясаттың негізгі бағыттары болып табылады.

Сондықтан қоғамдағы даму екіпіні адами, рухани құндылықтарға негізделеді, сол арқылы адам өз іс-

әрекетін басқарады, яғни бұл руханилық – менталитетіміз.

Қазақстан қоғамында қарапайым адамға не, қандай құндылықтар бағдар бола алады, ол өзін қалай еркін сезінуі тиіс, еркін болу қаншалықты қажет, қаншалықты жауапты?

Енді осы тұжырымды халық деңгейінде қарасақ, қазіргі кезде кеңестік кезеңнен кейінгі қалыптасқан менталитетті менталді дағдарыс деп көрсетеді. Оның негізгі белгілері: жүйсіздік, формалдылық, біртұтастықтың, тұрақтылықтың жоқтығы, өзгеріске бейімділік және т.б.

Аса күрделі міндеттердің бірі – ұлттық тәуелсіздікті баянды ету үдерісі объективті және субъективті сипаттардағы қиыншылықтар мен қайшылықтардың әлеуметтік табиғаттарын айқындау мен олардың шешілу жолдарын таңдау мәселелеріне басым көңіл бөлуді талап етті. Осы тұрғыдан әлеуметтік-саяси танымға зор үлес қосатын терең де ауқымды ғылыми-теориялық ізденістер мен қоғамдық пікірді оң бағытта қалыптастыратын және оның нақты жағдайлардағы басым үрдістерін айқындайтын кешенді шаралар дүниеге келеді деп айтуға болады.

Жалпы демократия – тарихи құбылыс, яғни ол уақытқа, кеңістікке байланысты ерекшелене отырып дамиды. Мысалы, бізде – реформалық бағыт арқылы дамыған мемлекеттілікке негізделген демократиялық қоғамды қалыптастыру. Бұл мақсат елдің тұтастығын, ұлттың тұрақтылығын, нарықты экономиканы және әлеуметтік игілікті қамтамасыз етеді.

**Х.С. Әбділдина ф.ғ.к.,  
гуманитарлық факультет  
оқытушысы**







Кез келген халықтың, кез келген мемлекеттің келбетін мәдениет танытады, оның негізгі құндылықтарын қалыптастырады. Әр мемлекеттің тұтастығы соған негізделген. Бүгінгі өскелең ұрпақ туған халқының замандар бойы қалыптасқан тіршілік қағидасы мен салт-дәстүрінен, рухани мұрасынан қол үзіп қалды. Оның басты себебі тарих қойнауында жатқан мағлұматтарды зерделеу, қазақ халқының мәдениетінің шынайы рухани қайнарларын ашып көрсету, оны ұлт игілігіне жаратуды еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қолға алды. Рухани мұрамызды насихаттау арқылы жалпыұлттық мәдениеттен өз жан дүниесіне азық боларлық алтын арқау іздеген жастарға бағыт-бағдар бере аламыз.

Қазіргі кездегі басты міндет – рухани-мәдени құндылықтарымызды дамыту үшін барлық мүмкіндіктерді барынша пайдаланып, қолайлы жағдай жасау және ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – рухани-мәдени мол мұраны игеру. Осы бағытта көптеген игі іс-шаралар атқарылды. Абай мен Жамбылдың 150 жылдығы кең көлемде аталып өтілуі, 1998 жылдың «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999

жылдың «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы», 2000 жылдың «Мәдениетті қолдау жылы», 2001 жылдың «Қазақстан тәуелсіздігінің он жылдығы» деп жариялануының нәтижесіндегі атқарылған қыруар жұмыстар, сөз жоқ, елдің мәдени төлтуындыларын қайта жаңғыртып, қалыптастыруға үлкен әсер етті. Бұл рухани-мәдени мұра халықтың санасын қалыптастыру мен дамытуда ерекше рөл атқарады.

Егеменді мемлекеттің қоғамдық ғылым саласындағы алғашқы қадамдары қуғын-сүргінге ұшыраған ғалымдарды, жазушылар мен мамандарды, сталинизм құрбандарын ақтауға бағытталды. А.Байтұрсыновтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Жұмабаевтың, Х.Досмұхамедовтың, М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың т.б. кітаптары жарық көрді.

Ұлттық дәстүрлі мәдениет сол ұлтты өзгеден даралап қана қоймайды, сонымен бірге ұлтты «өлтірмейтін» қорғаныс тетігі болып табылады. Қазақ халқының ұлттық дәстүрлі мәдениетінің бастауы – атадан балаға мирас болып келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы. Ұлттық тәлім, салт-сана сабағы адамгершілік тәрбиесінің аса сенімді жол екенін көрсетті. Отаншылдық пен ерлікті ерек-

ше дәріптеп, ұрпаққа өнеге ретінде қалдырған батыр Бауыржан Момышұлы соғыс кезінде: «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен солдаттың басында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде халықтардың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы зор екеніне көзім жетті», - деп жазды. Олай болса, әдет-ғұрпы, салт-дәстүр – қазақ халқының мызғымас заңы деп қабылдаған жөн. Халқымыздың ғасырлар бойы жасаған рухани-материалдық мәдениетінің бай мұраларының қазіргі «Этномәдениет тәрбие» негізінде жастарды Отансүйгіштікке баулуға ықпалы зор. Отансүйгіштік – азаматтық санамен қалыптасатын қасиет. Ал азаматтық сана ата-бабамыз қалдырған рухани-мәдени құндылықтарынан сусындаған кезде ғана болатын құбылыс.

Тарихи және мәдени мұраларды сақтау, қорғау және дұрыс пайдалану – бүкіл адамзат өркениетінің құрамдас бөлігі ретінде халықтың тарихи тағдырының қазіргі және болашақтағы дамуының негізгі де өте қажетті шарты.

**Ж.Р. Әбішева т.ғ.к.,  
гуманитарлық факультет  
оқытушысы**

С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың 50 жылдан астам тарихында білім-ғылымнан тыс, мәдениет, өнер, спорт саласында мыңдаған студенттер еліміздің абыройын үстем етті.

## БІЗДІҢ СТУДЕНТ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!



Энергетика факультетінің 2 курс студенті Әділбек Әшімов жастар және ересектер арасында өткен (Америка Құрама Штаттарының Нью-Йорк қаласында) Әлем чемпионатында бір тасын көтеруден алтын медаль (63 келі салмақта) иеленді. Бұл - университет тарихындағы кір тасын көтеруден алғашқы Әлем чемпионы. Спорт саласында біздің білім ордамыз бөлме қолғап пен баскетболдан әлемдік аренада өзіндік орны бар команда екені баршаға мәлім.

Ал, Әділбектің жаттықтырушысы Серік Нұрғалиұлы да осы чемпионатта 68 келі салмақ дәрежесінде әуесқойлар арасында Әлем чемпионы атанды.

## СПАРТАКИАДА БАСТАЛДЫ

Университетіміздің командасы 2010-2011 оқу жылындағы спартакиада қорытындысы бойынша командалық есепте 1-орынды иеленген болатын. 23 қараша күні университеттің спорт кешенінде ашылған Астана қаласы ЖОО-дары студенттерінің дәстүрлі спартакиадасында кубок тапсырылды.

Ал, ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған биылғы спартакиада спорттың 17 түрінен өткізіліп жатыр. Спартакиада ойындарына алғашқы болып қатысқан волейболшы қыздар командасы үш күн қатарынан өнер көрсетті. Нәтижесінде қыздарымыз ақтық ойында Л.Гумилев атындағы ЕҰУ командасын айқын басымдықпен жеңді.

БАСПАСӨЗ  
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ  
Талғат Маханов

БАСПАСӨЗ ХАТШЫСЫ  
Еркежан Кунтуған

ДИЗАЙН ЖӘНЕ БЕТТЕУ  
Айсұлу Исмаилова

Газет Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1106-Г тіркеу куәлігі берілген.

Редакция жариялауға ұсынылған материалдарды рецензияламайды. Жарияланымдардың мазмұны мен суреттердің сапасына жауап бермейді.

МЕКЕНЖАЙЫ:  
Астана қаласы, Жетісу даңғылы, 62  
С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ  
тел: 31-75-64; 39-57-07

Газет ҚазАТУ баспаханасында басылды.  
Газет ай сайын шығады. Таралымы 1000 дана.

## ПИСЬМО ИЗ ФРАНЦИИ

*Во-первых, хочу поздравить всех казахстанцев и свой родной вуз с 20-летием Независимости Республики Казахстан! Мы сейчас находимся далеко от Родины. Поэтому, для нас значение этого общенародного праздника вдвойне дорого. И сегодня, находясь в сердце Европы, с гордостью заявляем о своей стране. Желаю своему народу счастья и благополучия! Пусть наша страна цветет из года в год!*

*Я, также как и вы все, училась в Аграрке, была обычной студентка. У меня была мечта выучить французский язык и посетить Францию. Начав изучение французского, я решила подать заявку на стипендию посольства Франции по программе магистратуры. Это было нелегко. Но сложнее было описать то счастье, когда моя мечта сбылась, и я получила стипендию.*

*Сейчас я учусь в Высшей школе города Анже! Специальность магистратуры «Международная экономика и агробизнес». В данный момент у меня семестр по дисциплине «Международная экономика». Мне очень нравится система обучения в школе. Теория идет параллельно с практикой. Мы уже успели съездить на стажировки в Бельгию и Голландию. В целом учеба интересная! Хочется сказать, что, оказавшись во Франции, я не только получила новые знания, улучшила свой французский язык, но и нашла новых друзей из Мексики, США, Японии, Китая и Испании, знакомясь с европейской культурой и взглянула на жизнь по-другому. Хочу отметить хорошую организацию работы отдела международного сотрудничества! Спасибо за ваше терпение и, конечно, за вашу доброту и прекрасную работу, особенно Китайбековой С.О! Вся полученная информация очень полезна для меня! Желаю также продолжать успешно реализовывать образовательные качественные услуги и вносить свой неоспоримый вклад в дополнительное образование нашего молодого поколения.*

*Хочется пожелать всем студентам КазАТУ имени С.Сейфуллина принимать активное участие в программах зарубежных стажировок и обучения. Тем более, что перед вами открываются большие возможности обучения за рубежом, благодаря независимому Казахстану. Учитесь, радуйтесь, живите!*

*Находясь так далеко от родного университета, я хотела бы выразить глубокую признательность преподавателям родной альма-матер.*

*С уважением Асель Мусулманбекова,  
выпускница экономического факультета 2011 года.*

